**ОТЗЫВ**

**зарубежного научного консультанта кандидата педагогических наук, доцента Е.И. Снопковой на диссертационную работу Махадиевой Асель Каратаевны «Психолого-педагогическое сопровождение преодоления стресса в системе отношений «родитель - ребенок аутист», представленную на соискание степени доктора философии (PhD) по специальности: 6D010300 – «Педагогика и психология»**

Диссертационное исследование Махадиевой Асель Каратаевны на тему **«Психолого-педагогическое сопровождение преодоления стресса в системе отношений «родитель - ребенок аутист»** посвящена актуальной в настоящее время теме. На современном этапе развития и гуманизации педагогической науки семья рассматривается как целостное образование, структурные элементы которого взаимосвязаны. Рождение ребенка с отклонениями в психическом развитии меняет привычный жизненный уклад семьи, вызывает изменения в детско-родительских, супружеских отношениях, во взаимодействии семьи с окружающим социумом. В связи с задачами воспитания и обучения ребенка с ограниченными возможностями особенно важным становится понимание семьи как «развивающего пространства». Влияние родительской подсистемы на детскую реализуется посредством родительского отношения. От эмоционального принятия, адекватной оценки ребенка и согласованного стиля воспитания со стороны матерей и отцов зависит не только динамика его психического развития, но и психологический климат в семье.

Актуальность темы исследования усиливается повышенным вниманием со стороны правительства Республики Казахстана к социализации, социально-психологической и педагогической поддержки не только детей с особыми потребностями, но и семей, которые их воспитывают. Особое внимание среди детей с особыми потребностями, в настоящее время, уделяется детям с расстройствами аутистического спектра или детям аутистам. Так как по данным ВОЗ 1 из 160 детей по всему миру имеют те или иные отклонения аутистического спектра, что составляет 0,6-0,7% от всего земного населения. По статистическим данным Республики Казахстан видно то, что с 2003 года по 2019 год количество диагнозов «аутизм» («расстройства аутистического спектра») возросли с 77 до 2471 в год.

Не смотря на все возможные условия, создаваемые для семьям воспитывающим детей с особыми потребностями стрессовые переживания родителей все так же усиливаются. Это происходит из-за того, что необычное поведение ребенка привлекает внимание и вызывает осуждение окружающих. Кроме того, индивидуально-психологические особенности детей с аутизмом часто затрудняют их адаптацию и обучение. На основе исследований отечественных и зарубежных ученых докторантом была проделана работа по разработке эффектной психолого-педагогической модели сопровождения преодоления стресса в системе отношений «родитель – ребенок аутист».

В первой главе диссертационного исследования Махадиевой А.К. раскрыты психолого-педагогические аспекты и причины проявления аутизма. На основе теоретико-методологического исследования детско-родительских отношений были раскрыты психолого-педагогические особенности детско-родительских отношений в системе "родитель-ребенок аутист".

Во второй главе диссертационного исследования докторантом были раскрыты понятия "стресс" и "коупинг поведение", изучены основные причины стресса в семье, воспитывающей ребенка аутиста и предложена психолого-педагогическая модель сопровождения преодоления стресса в системе отношений "родитель- ребенок аутист".

Третья глава диссертационной работы Махадиевой А.К. посвящена описанию опытно-экспериментальной работы проверки эффективности предложенной модели и методических рекомендаций психолого-педагогического сопровождения преодоления стресса в системе отношений "родитель-ребенок аутист".

Содержание диссертационной работы отражено в публикациях в материалах международных научно-практических конференций, изданиях, рекомендованных Комитетом по контролю в сфере образования и науки Министерства образования и науки Республики Казахстан, а также в зарубежных научных журналах, в том числе в одном журнале, индексируемом в базе данных ISI Web of Knowledge.

С 23 апреля по 23 мая 2018 года докторант проходила стажировку на кафедре педагогики Могилёвского государственного университета имени А.А. Кулешова. В ходе данной стажировки соискатель работала в библиотеке университета, осуществила консультации с научным консультантом по теме исследования, посещала лекционные и практические занятия по ряду дисциплин, выступила с докладом на секционном заседании III Международной научно-практической конференции «Философско-педагогические проблемы непрерывного образования», проходившей 26-27 апреля 2018 года на базе Могилёвского государственного университета имени А. А. Кулешова.

Диссертационная работа Махадиевой Асель Каратаевной отличается научной новизной, теоретической и практической значимостью и представляет собой самостоятельное, законченное научное исследование, имеющее существенное значение для теории и практики образования.

Таким образом, диссертация по теме **«Психолого-педагогическое сопровождение преодоления стресса в системе отношений «родитель-ребенок аутист»** отвечает требованиям, предъявляемым к диссертационным работам и может быть рекомендована к публичной защите на соискание степени доктора философии (PhD) по специальности 6D010300 - «Педагогика и психология».

Научный консультант:
кандидат педагогических наук, доцент,
заведующий кафедрой педагогики
Могилёвского государственного университета
имени А. А. Кулешова Е. И. Снопкова

Подпись ... заверяю
Начальник отдела кадров
учреждения образования
«Могилёвский государственный
университет имени А.А. Кулешова»

**6D010300 «Педагогика және психология» мамандығы бойынша PhD философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін докторант Махадиева Асель Каратаевнаның дайындаған ««Ата-ана мен аутист бала» қарым-қатынас жүйесіндегі стресті жеңуді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу» тақырыбындағы диссертациясына шетелдік ғылыми кеңесші, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Е.И. Снопкованың**

# ПІКІРІ

Махадиева Асель Каратаевнаның **««Ата-ана мен аутист бала» қарым-қатынас жүйесіндегі стресті жеңуді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу»** диссертациялық зерттеуі қазіргі таңда өзекті болып отырған тақырыпқа арналады. Педагогикалық ғылымды дамыту мен ізгілендірудің қазіргі кезеңінде отбасы құрылымдық элементтері өзара байланысты біртұтас білім ретінде қарастырылады. Психикалық дамуында ауытқулары бар баланың дүниеге келуі отбасының әдеттегі тұрмыс салтын өзгертеді, бала-ата-ана, ерлі-зайыптылық қарым-қатынастардағы, отбасының қоршаған әлеуметпен өзара әрекетіндегі өзгерістерді тудырады. Мүмкіндігі шектеулі баланы тәрбиелеу мен оқыту міндеттеріне байланысты отбасын "дамытпалы кеңістік" ретінде түсіну аса маңызды болып табылады. Ата-аналық ішкі жүйенің балаларға әсері ата-ананың қарым-қатынасы арқылы жүзеге асырылады. Баланың эмоционалдық қабылдауына, барабар бағалауына және ана мен әке тарапынан тәрбиелеудің келісілген стиліне оның психикалық даму динамикасы ғана емес, сонымен қатар отбасындағы психологиялық ахуал да байланысты.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі Қазақстан Республикасы Үкіметі тарапынан ерекше қажеттіліктері бар балаларды ғана емес, оларды тәрбиелеп отырған отбасыларды әлеуметтендіруге, әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық қолдауға аса назар аударумен күшейтіледі. Қазіргі уақытта ерекше қажеттіліктері бар балалар арасында аутистік спектрі бұзылған балаларға немесе аутист балаларға ерекше көңіл бөлінеді. Себебі ДДҰ деректері бойынша бүкіл әлем бойынша 160 баланың 1-інде аутистік спектрдің қандай да бір ауытқулары бар, бұл бүкіл жер шары халқының 0,6-0,7% құрайды. Қазақстан Республикасының статистикалық деректері бойынша 2003 жылдан бастап 2019 жылға дейін "аутизм" ("аутистік спектрдің бұзылуы") диагноздарының саны жылына 77-ден 2471-ге дейін өскені байқалады.

Ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларына жасалатын барлық мүмкін болатын жағдайларға қарамастан, ата-аналардың күйзеліске ұшырауы да күшейе түсуде. Бұл баланың әдеттен тыс мінез-құлқы айналасындағылардың назарын аударуынан болады. Бұдан басқа, аутизмі бар балалардың жеке-психологиялық ерекшеліктері олардың ортаға бейімделуі мен оқуын қиындатады. Отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулері негізінде докторант "ата-ана мен аутист бала" қарым-қатынас жүйесінде стресті жеңуді сүйемелдеудің тиімді психологиялық-педагогикалық моделін әзірлеу бойынша жұмыстар жүргізді.

Диссертациялық зерттеудің бірінші бөлімінде А.К. Махадиева аутизмнің пайда болу себептері мен психологиялық-педагогикалық аспектілерін ашты. Балалар мен ата-ана қатынастарын теориялық-әдіснамалық зерттеу негізінде "ата-ана мен аутист бала" жүйесінде балалар мен ата-ана қатынастарының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері ашылды.

Диссертациялық зерттеудің екінші бөлімінде докторант "стресс" және "копинг мінез-құлық" ұғымдарын ашып, аутист баланы тәрбиелеп отырған отбасындағы стрестің негізгі себептерін зерделеп, "ата-ана мен аутист бала" қарым-қатынас жүйесінде стресті жеңуді сүйемелдеудің психологиялық-педагогикалық моделін ұсынды.

А.К. Махадиеваның диссертациялық жұмысының үшінші бөлімі ұсынылған модельдің тиімділігін тексерудің тәжірибелік-эксперименттік жұмысын сипаттауға және "ата-ана мен аутист бала" қарым-қатынас жүйесінде стресті жеңуді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің әдістемелік ұсыныстарын сипаттауға арналған.

Диссертациялық жұмыстың мазмұны халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда, сондай-ақ шетелдік ғылыми журналдарда, оның ішінде ISI Web of Knowledge деректер базасында индекстелетін бір журналда жарияланған.

2018 жылғы 23 сәуірден 23 мамырға дейін докторант А.А. Кулешов атындағы Могилев мемлекеттік университетінде тағылымдамадан өтті. Осы тағылымдама кезінде ол университет кітапханасында жұмыс істеді, зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми кеңесшімен кеңесті, бірқатар пәндер бойынша дәрістер мен тәжірибелік сабақтарға қатысты, А.А. Кулешов атындағы Могилев мемлекеттік университетінің базасында 2018 жылдың 26-27 сәуірінде өткен "Үздіксіз білім берудің философиялық-педагогикалық мәселелері" атты III Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда баяндама жасады.

Махадиева Асель Каратаевнаның диссертациялық жұмысы ғылыми жаңалығымен, теориялық және практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді және білім берудің теориясы мен тәжірибесі үшін айтарлықтай мәні бар дербес, аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады.

Осылайша, **««Ата-ана мен аутист бала» қарым-қатынас жүйесіндегі стресті жеңуді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу»** тақырыбындағы диссертация диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға жауап береді, осыған орай аталған жұмысты 6D010300 - "Педагогика және психология" мамандығының (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін көпшілік алдында қорғауға ұсынамын.

Ғылыми кеңесші,
А.А. Кулешов атындағы
Могилев мемлекеттік университетінің
«Педагогика» кафедрасының меңгерушісі,
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Е.И. Снопкова

*Перевод с русского языка на казахский язык выполнила Самиева Гульден Бейсембаевна*
*Орыс тілінен қазақ тіліне аударма жұмысын орындаған Самиева Гульден Бейсембаевна*

*Екі мың он тоғызыншы жылдың қазан айының он жетісі. Мен, Булекбаев Бекмырза Елубаевич, Нұр-Сұлтан қаласының нотариаттық аймағының нотариусы, ҚР ӘМ 18.08.2003 жылы берілген № 0001581 лицензия, аудармашы Самиева Гульден Бейсембаевнаның қолының түпнұсқалығын куәландырдым. Құжатқа қол қоюшының жеке басы анықталды, әрекет қабілеттілігі және оның өкілеттілігі тексерілді.*

*№ 3404 тізілімде тіркелді*
*Өндірілді: ҚР Нотариат туралы*
*Заңының 30-1 бабына, ҚР Салық кодексінің 611 баптарына сәйкес*

*Нотариус*

Прошнуровано,
пронумеровано на
___ листах
Нотариус Булекбаев Б.Е